

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Активтерді сату комиссиясының
2014ж.24.11 №3 шешімімен
«БЕКІТІЛГЕН»

Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19-үй мекенжайындағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Сатушы», «Меншік иесі», «ҚМГ» немесе «Сауда-саттықты ұйымдастырушы») осымен «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания», «Қоғам» немесе «Актив») 100% акцияларын (бұдан әрі – «Акциялар») сату бойынша екі кезеңдік ашық конкурс (бұдан әрі – «Сауда-саттық» немесе «Конкурс») өткізетіні туралы хабарлайды.

Акцияларды сату «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) кемінде елу проценті «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың активтер мен объектілерді сатуының бірыңғай қағидасына (2014 жылғы 28 мамырдағы №110 хаттама, бұдан әрі – «Қағида») сәйкес жүзеге асырылады.

Өткізілетін Сауда-саттық туралы ақпараты орналастырылған веб-сайттың электрондық адресі: www.kmg.kz және www.skс.kz.

Өткізілетін Сауда-саттыққа байланысты өтініш берушілердің құқықтары бұзылған жағдайда олардың жүгінуі үшін электрондық почтаның адресі мен телефон нөмірлері:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ активтерді басқару департаментінің сарапшысы	Аманжол Нұрболат Аманжолұлы	N.Amanzhol@kmg.kz ; жұмыс тел.: 8 (7172) 976126
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ активтерді басқару департаментінің сарапшысы	Нұсызова Сәуле Болатқалиқызы	S.Nusuzova@kmg.kz ; жұмыс тел.: 8 (7172) 976533

Сатылатын Активтің атауы мен деректемелері: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997ж.09.07 қаулысымен құрылған, Астана қаласының әділет департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға ретінде тіркеген, мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2007ж.12.03 куәлігінің №26069-1901-АО, БСН 971040001526, СТН

150100225112, КБЕ 16, БСК HSBKKZKX «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамы.

Қызметтің түрі: заңды және жеке тұлғаларға авиатасымалдау бойынша қызметтер көрсету; пайдалы қазбалар кен орындарын дамыту және игеру, мұнай құбырларына, газ құбырларына және электр беру желілеріне қызмет көрсету бойынша ұшуды орындау.

Компанияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 18-үй.

Компанияның меншік иесімен Сауда-саттықты ұйымдастыру: «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

Компанияның меншік иесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй.

Байланыс деректері: 8 (7172) 976533 және 8 (7172) 976126 (ҚМГ активтерді басқару департаменті).

Сауда-саттықты өткізудің барлық кезеңдерінде Активті сатуға байланысты шешімдерді қабылдайтын Компанияның меншік иесінің уәкілетті органы: ҚМГ Активтерді сату комиссиясы.

Компания қызметінің бейіні: осы хабарламаға «Компания қызметі бейінінің сипаттамасы» туралы 1-қосымшаны қараңыз.

Өндірістік-экономикалық ерекшелік және сипаттамалар: осы хабарламаға «Компанияның өндірістік-экономикалық ерекшелігі және сипаттамалары» туралы 2-қосымшаны қараңыз.

Компанияның өндірістік базасымен танысу: осы хабарламаға «Активпен танысу тәртібі» туралы 3-қосымшаны қараңыз.

Бастапқы баға: 19 741 770 000 (он тоғыз миллиард жеті жүз қырық бір миллион жеті жүз жетпіс мың) теңге.

Базалық төлем шарттары: Акциялар Сауда-саттықтың жеңімпазы болып танылған және Акциялардың сатып алу бағасын толық көлемде төлегеннен кейін ғана Сатушымен Сатып алу-сату шартын жасасқан тұлғаға беріледі.

Компанияға қатысты құжаттардың электрондық базасы: құжаттардың электрондық базасына қол жеткізу мерзімінің тәсілі осы хабарламаға 3-қосымшада көрсетілген.

Актив бойынша құжаттама пакетін алу тәсілі: осы хабарламаның толық нұсқасы мен оған барлық қосымшаларды мынадай сілтеме бойынша алуға болады: www.kmg.kz немесе www.skz.kz (бұдан әрі – ҚМГ мен Жалғыз оператордың корпоративтік веб-сайттары).

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді беру мерзімі: осы хабарлама мерзімді баспасөз басылымдарында және ҚМГ мен «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) корпоративтік веб-сайттарында жарияланған сәттен бастап 20 жұмыс күні. Конкурса қатысуға арналған өтініштер бар конверттерді ашу Конкурса қатысуға арналған өтініштер беру мерзімі аяқталған күні жүргізіледі.

Конкурстық ұсыныстарды беру мерзімі: осы хабарлама мерзімді баспасөз басылымдарында және ҚМГ мен Бірыңғай оператор корпоративтік веб-сайттарында жарияланған сәттен бастап 60 жұмыс күні.

Сауда-саттықты өткізу күні: 2015 жылғы 15 қаңтарда 11 сағат 00 минутта (Астана уақыты).

Сауда-саттықты өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19-үй, А блогы.

Сауда-саттыққа қатысу тәртібі: осы хабарламаға «Сауда-саттыққа қатысу тәртібі» туралы 4-қосымша, сондай-ақ Қағиданы қараңыз.

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді берудің түпкілікті мерзімі: 2015 жылғы 15 қаңтарда 10 сағат 00 минутта.

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштер мен конкурстық ұсыныстарды беру және тіркеу мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19-үй, А блогы, 1104 кабинет.

Сауда-саттыққа қатысуды қамтамасыз ету: осы хабарламаға «Сауда-саттыққа қатысуды қамтамасыз ету» туралы 5-қосымшаны қараңыз.

Сауда-саттықты өткізу тәртібі: осы хабарламаға «Сауда-саттықты өткізу тәртібі» туралы 6-қосымшаны, сондай-ақ Қағиданы қараңыз.

Акцияларды сатудың ерекше шарттары: осы хабарламаға «Акцияларды сатудың ерекше шарттары» туралы 7-қосымшаны қараңыз.

Акцияларды сатудың өзге де шарттары: осы хабарламаға «Сатып алу-сату шарты» туралы 11-қосымшаны қараңыз.

Сауда-саттықтың жеңімпазымен Активті сатып алу-сату шартына қол қою шарты: ҚМГ Активтерді сату комиссиясының тиісті шешімі қабылданған күннен бастап көп деген 20 жұмыс күні.

Қосымша ақпарат және анықтама: осы Сауда-саттықты өткізу туралы хабарламаны жариялаумен қатар ҚМГ мен Жалғыз оператордың корпоративтік веб-сайттарында Сауда-саттықты өткізу тәртібі, оның ішінде Сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу тәртібі, Сауда-саттықтың жеңімпазын белгілеу шарттары жазылған қағида орналастырылған. Сауда-саттық туралы қосымша ақпаратты ҚМГ-де мынадай телефондар бойынша алуға болады: 8 (7172) 976533 и 8 (7172) 976126.

Осы Хабарламаға қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады және ҚМГ мен Жалғыз акционердің корпоративтік веб-сайттарында орналастырылған.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
1-қосымша**

Компания қызметі бейінінің сипаттамасы

Мыналар Компания қызметінің негізгі түрлері болып табылады:

- 1) мұнай құбырларына, газ құбырларына және электр беру желілеріне қызмет көрсету бойынша ұшуды орындау;
- 2) офшорға ұшуды орындау;
- 3) пайдалы қазбалар кен орындарын дамыту және игеру бойынша ұшуды орындау;
- 4) төтенше жағдайларда авариялық-құтқару жұмыстарын орындау;
- 5) геологтардың, энергетиктердің, сейсмологтардың, гляциологтардың, өрт қызметтері мен мемлекеттік шекараны күзету қызметтерінің жұмысын қамтамасыз ету бойынша ұшу;
- 6) санитарлық тапсырмалар бойынша жетуге жолы қиын және шалғайдағы аудандарға ұшу;
- 7) табиғатты қорғау бойынша ұшу;
- 8) заңды және жеке тұлғаларға авиатасымалдау қызметтерін көрсету;
- 9) чартерлік және тұрақты рейстер, авиатасымалдауды сату;
- 10) жүк, вахталық және өзге де тасымалдар;
- 11) Компанияның Жарғысына сәйкес өзге де қызмет.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
2-қосымша**

Компанияның өндірістік-экономикалық ерекшелігі және сипаттамалары

Компания тікұшақ операциялары мен жолаушы тасымалдарына мамандандырылатын, өз қызметін халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстандағы ең ірі компания болып табылады.

Компания Ресейде және батыста жасалған, халықаралық талаптарға сәйкес заманауи борт жабдығымен жабдықталған тікұшақ техникасы паркін және жолаушы ұшақтар паркін пайдаланады.

Компанияның әуе кемелерінің паркі 20 әуе кемесінен тұрады, оның ішінде:

- Ми-8Т модельді 12 тікұшақ (РФ);
- AS-365N3 модельді 2 тікұшақ (Франция);
- 2 Challenger-850 және Challenger-870 ұшағы (Канада);
- Augusta Westland-139 модельді 12 тікұшақ (Италия).

Компанияның мынадай негізгі қорлары бар:

- өндірістік үй-жайлар, авиатехникалық базалар (АТБ), авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу бойынша технологиялық жабдығы бар ангарлар;

- жергілікті әуе желілерінің әуежайлары;
- әуе кемелері тұрағының орны;
- Ми-8Т тікұшақ тренажері бар оқу-жаттығу орталығы;
- авиакомпанияның мүлкін сақтауға арналған қоймалық үй-жайлар;
- арнайы автокөлік құралдары мен гараждары;
- автономиялық энергетикалық қоректену көзі, инженерлік желілері мен коммуникациялар;
- ЖЖМ сақтауға арналған сыйымдылықтар;
- лицензиялық медициналық-санитарлық бөлімше.

2013 жылға арналған қаржы көрсеткіштері:

Компанияның 2013 жылғы кірістері 7 954 826 мың теңгені, шығыстар – 7 017 401 мың теңгені, қорытынды пайда – 741 633 мың теңгені құрайды. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеке капитал 14 987 545 мың теңге болды. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтер 21 005 105 мың теңгені, бұл ретте, міндеттемелер 6 017 560 мың теңгені құрайды.

Тұтастай алғанда, Компания рентабельді, қаржылық-орнықты және дербес ұйым ретінде сипатталады.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
3-қосымша**

Активпен танысу тәртібі

Конкурсқа қатысушы Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінішті бергенге дейін, сондай-ақ бергеннен кейін кез келген жұмыс күні 10:00-ден 18:00-ге дейін сатылатын Активті және оның өндірістік қуаттарын қарауға және олармен танысуға, сондай-ақ виртуалды ақпараттық бөлмесіне (Virtual Data room) қол жеткізу рұқсатын алуға құқылы.

Компаниямен танысқысы келетін тұлға ҚМГ атына тиісті өтініш береді. Компания 2 жұмыс күні ішінде ҚМГ-ден тиісті тапсырманы алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде Компаниямен танысқысы келетін тұлғаға өзінің объектілеріне келіп қарау немесе виртуалды ақпараттық бөлмесіне (Virtual Data room) қол жеткізу мүмкіндігін береді. Өтініш берушілердің Объектімен танысуы Компанияның қызметкері болып табылатын және оның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға тағайындаған тұлғаның қатысуымен жүргізіледі.

Компанияға келетін тұлғалар өздеріне құпиялылық бойынша міндеттемелерді қабылдауы (ҚМГ-мен тиісті шартқа қол қою арқылы) және Сауда-саттыққа қатысуды есептегенде, олардың алынған мәліметтерді және/немесе ақпаратты қандай да бір болмасын мақсаттарда қолдануға сондай-ақ оны үшінші тұлғаларға беруге құқылы жоқ. Компанияның бірінші басшысының шешімі бойынша Объектінің өндірістік қуаттарының немесе үй-жайларының бір бөлігі өндірістік қауіпсіздік немесе коммерциялық құпия мақсатында келушілер үшін жабық болуы мүмкін.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
4-қосымша**

Сауда-саттыққа қатысу тәртібі

1. Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініш беру

Жеке және заңды тұлғалар (консорциумдар, одақтар), оның ішінде шетелдік заңды тұлғалар (консорциумдар, одақтар) Сауда-саттыққа қатысуға жіберіледі.

Сауда-саттыққа қатысу үшін ҚМГ мен Жалғыз акционердің корпоративтік веб-сайттарында орналастырылған, Қағиданың талаптарына сәйкес келуі тиіс нысан бойынша Өтінішті беру керек.

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштер 2015 ж. 15 қаңтардың 10 сағат 00 минутқа дейін Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19-үй, А блогы, 1104-кабинет мекенжайында берілуі және Қағидада және осы хабарламада көзделген ақпаратты қамтуы тиіс.

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. жеке тұлғалар үшін:
 - 1.1. паспорттың немесе жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмесі;
 - 1.2. ағымдағы шоттың болуын растайтын банк анықтамасының түпнұсқасы;
 - 1.3. байланыс деректері (почталық адрес, телефон, факс, e-mail);
 - 1.4. кепілдік жарнаның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе банк кепілдігінің түпнұсқасы;
2. заңды тұлғалар үшін:
 - 2.1. барлық өзгерістермен және толықтырулармен Жарғының нотариаттық куәландырылған көшірмесі;
 - 2.2. заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың нотариаттық куәландырылған көшірмесі;
 - 2.3. банк шотының болуын растайтын анықтаманың түпнұсқасы;
 - 2.4. байланыс деректері (почталық адрес, телефон, факс, e-mail);
3. кепілдік жарнаның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе банк кепілдігінің түпнұсқасы;
4. жеке тұлғаны және Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінішке қол қоюшының өкілеттіктерін куәландыратын құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелері;
5. барлық меншік нысандарындағы ұйымдар үшін – Сауда-саттыққа қатысуға талаптанған заңды тұлғаның меншік иелері туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар. Акционерлік қоғамдар үшін – осы хабарлама жарияланған күннен ерте емес күнгі жағдай

бойынша Сауда-саттыққа қатысуға талаптанатын тұлғаға қатысты акционерлердің тізілімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы;

6. шетелдік заңды тұлғалар үшін – осы хабарлама жарияланған күнге дейін 2 айдан ерте емес берілуі тиіс құрылтайшы және тіркеу құжаттарының нотариаттық куәландырылған және апостильденген көшірмелері;
7. осы хабарламада аталған талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттар;
8. Сауда-саттыққа ықтимал қатысушының қаржылық, техникалық, басқарушылық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктері, оның ішінде персоналдың біліктілігі туралы деректерді қамтитын құжаттар (оның ішінде, бірақ олармен ғана шектелмей: Сауда-саттыққа ықтимал қатысушы – заңды тұлғаның соңғы 3 жылдағы аудиттелген қаржы есептілігі, салық берешегінің болмауы туралы анықтама және өзгелері);
9. қолданыстағы заңнамада және оның құрылтайшы құжаттарында көзделген Конкурса ықтимал қатысушының барлық қажетті корпоративтік шешімдері, Конкурса ықтимал қатысушының енгізуі үшін қажетті қамтамасыз ету, оның ішінде ірі мәмілелерді немесе жасалуына мүдделілік бар мәмілені мақұлдау туралы және/немесе жасасу туралы шешім (егер қолданылса);
10. Сауда-саттық өткізу туралы осы хабарламаға сәйкес өзге де құжаттар мен мәліметтер.
11. Акцияларды сатудың ерекше шарттарының орындалуын қамтамасыз ететін құжаттар:
 - 11.1. 5 жыл ішінде Компания персоналының ағымдағы штат санын қысқартпау туралы жазбаша міндеттеме;
 - 11.2. 5 жыл ішінде Компания қызметінің бейінін сақтау туралы жазбаша міндеттеме;
 - 11.3. 5 жыл ішінде Қоғам мен оның қызметкерлері арасында жасалған еңбек шарттарында аталған қолданыстағы талаптарды, оның ішінде жалақының ағымдағы деңгейін нашарлатпау туралы жазбаша міндеттеме;
 - 11.4. 5 жыл ішінде Компанияның қызметтерді көрсету туралы қолданыстағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді шарттар бойынша міндеттемелерді орындау туралы жазбаша міндеттеме;
 - 11.5. 5 жыл ішінде Сатушы компанияларының тобы үшін авиациялық қызмет көрсетудің қазіргі бағаларын сақтау туралы жазбаша міндеттеме;
 - 11.6. 5 жыл ішінде Сатушы компанияларының тобына кемінде 5000 ұшу сағаты жылдық көлемін көрсету туралы жазбаша міндеттеме;
 - 11.7. Активті сатып алу-сату шартын жасасу сәтіне дейін, оның ішінде ҚМГ компаниялары тобы үшін 11.5 және 11.6-тармақтарда аталған бағалар мен көлемді сақтау мәніне белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органының қажетті келісуін алу туралы жазбаша міндеттеме;
 - 11.8. Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша Компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін ҚМГ кепілдігінің орнына HSBC BANK plc London және Export Development Canada талаптарын қанағаттандыратын Компанияның жаңа меншік иесінен кепілдік беру туралы жазбаша міндеттеме не Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша Компанияның займын мерзімінен бұрын дереу өтеуді қамтамасыз

ету туралы жазбаша міндеттеме, сондай-ақ өтініш берушінің банк шотында Компанияның жоғарыда аталған шарт бойынша займды өтеуін қамтамасыз ету үшін ақша қаражатының жеткілікті сомасының болуын растайтын құжат;

- 11.9. Компания мен ДСБ Қазақстан Банкі АҚ ЕБ арасында жасалған банк займы туралы 2014 жылғы 31 қаңтардағы №18/003 шарт бойынша міндеттемелердің одан әрі орындалуын қамтамасыз ету туралы жазбаша міндеттеме не Компания мен ДСБ Қазақстан Банкі АҚ ЕБ арасында жасалған банк займы туралы 2014 жылғы 31 қаңтардағы №18/003 шарт бойынша Компанияның займын мерзімінен бұрын дереу өтеуді қамтамасыз ету туралы жазбаша міндеттеме, сондай-ақ өтініш берушінің банк шотында Компанияның жоғарыда аталған шарт бойынша займды өтеуін қамтамасыз ету үшін ақша қаражатының жеткілікті сомасының болуын растайтын құжат;
- 11.10. Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шартқа және Компания мен ДСБ Қазақстан Банкі АҚ ЕБ арасында жасалған банк займы туралы 2014 жылғы 31 қаңтардағы №18/003 шартқа қосымша келісімдерге қол қою туралы жазбаша міндеттеме (қажет болғанда);
- 11.11. Компанияның Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияны басқару саласындағы барлық нормативтік талаптарының, қауіпсіздік, сапа және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкес стандарттар мен рәсімдердің, сондай-ақ қолданылатын басқа да тиісті стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету туралы жазбаша міндеттеме.

Жоғарыда аталған мәліметтер мен құжаттарға қосымша, Сауда-саттыққа ықтимал қатысушы Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінішпен бірге, осы хабарламада көрсетілген алдын ала ұсыныстарды бағалау критерийлеріне сәйкес ҚМГ-ге алдын ала ұсынысты береді.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын шетелдік заңды тұлғалары мен жеке тұлғалары жоғарыда аталған құжаттарды не осы секілді мәліметтерді қамтитын құжаттарды береді.

Шетелдік заңды тұлғалар беретін барлық құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес нотариаттық куәландырылуы және апостильденуі тиіс.

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініш осы хабарламаға және Қағидаға сәйкес келуі тиіс, қолмен және, болған жағдайда, өтініш берушінің мөрімен бекітілуі тиіс. Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініш, Конкурстық ұсыныс, сондай-ақ оларға қоса берілетін құжаттар мен мәліметтер жабылған конвертте Сауда-саттықты өткізу туралы орыс тілінде берілуі тиіс не осындай тілге нотариаттық куәландырылып аударылуы тиіс.

Жеке немесе заңды тұлғалар тобы (консорциум, одақ және т.б.) Сауда-саттыққа қатысушы ретінде қатысқысы келген жағдайда осындай тұлғалар Сауда-саттыққа қатысуға арналған бірыңғай өтініш береді. Жалғыз данада берілетін Қамтамасыз етудің берілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасын есептемегенде, осындай топ шеңберінде әрбір тұлға Қағидада және осы хабарламада көзделген құжаттарды береді. Аталған тұлғалар тобының әрбір қатысушысы осы хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес келуі және тиісті растайтын құжаттарды беруі тиіс. Жеке немесе заңды тұлғалар тобы (консорциум, одақ және т.б.) беретін Сауда-саттыққа қатысу туралы өтінішке осындай тұлғалардың бірлескен қызметін реттейтін келісім, сондай-

ақ осындай тұлғалардың біреуіне аталған тұлғалар тобының қалған қатысушыларын білдіруге уәкілеттік беретін құжат қоса беріледі.

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді қабылдау және тіркеу осы хабарлама мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланған күннен бастап 2015 ж.15қаңтардың 10 сағат 00 минутқа дейін жүргізіледі.

2. Сауда-саттыққа қатысуға шектеулер

Сауда-саттыққа қатысқысы келген тұлғалар мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1. Активті сатып алу туралы шарт жасасу үшін жеке тұлғаның іс-әрекет қабілеттілігі және заңды тұлғаның азаматтық құқықтық қабілеттілігі болуы тиіс. Осы талапқа сәйкес келетінін растау ретінде өтініш беруші заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың түпнұсқасын немесе тиісті түрде куәландырылған көшірмесін, сондай-ақ жарғының тиісті түрде куәландырылған көшірмесін беруі тиіс;
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы №1318 қаулысы) сәйкес жеңілдікті салық салынатын мемлекеттердің резиденті болмауы тиіс. Осы талапқа сәйкес келетінін растау ретінде өтініш беруші Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуді растайтын құжатты немесе өзге мемлекеттің резиденттік сертификатын беруі тиіс;
3. Активті сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға мүмкіндігі болуы тиіс. Осы талапқа сәйкес келетінін растау ретінде өтініш беруші Сатып алу-сату шартын орындау үшін жеткілікті ақша қаражаты сомасының болуын растайтын құжатты немесе Сауда-саттық жеңімпазы болып танылған жағдайда, оның негізінде өтініш беруші Сатып алу-сату шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражатын алатын жасалған займ шартын беруі тиіс;
4. таратылмауы немесе банкрот болмауы тиіс. Осы талапқа сәйкес келетінін растау ретінде өтініш беруші заңды тұлға таратылмайтыны немесе банкрот емес екендігі туралы растау-хат беруі тиіс;
5. қаржы-шаруашылық қызметі заңнамада белгіленген тәртіппен уақытша тоқтатылған тұлға болмауы тиіс. Осы талапқа сәйкес келетінін растау ретінде өтініш беруші заңды тұлға қаржы-шаруашылық қызметінің заңнамада белгіленген тәртіппен уақытша тоқтатылмағаны туралы растау-хат беруі тиіс.

мыналар Сауда-саттыққа қатыса алмайды:

1. бұрын ҚМГ-мен сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан немесе сатып алу-сату шартын жасасқан, бірақ оның талаптарын орындамаған сауда-саттық жеңімпаздары;
2. Қағидаға сәйкес Қордың уәкілетті органының, Қор Басқармасының, ҚМГ Комиссиясының және Қордың мүшелері мен қызметкерлері, Сауда-саттықты ұйымдастырушы, сондай-ақ олардың жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары) немесе жекжаттары (ата-анасы, аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), жұбайының (зайыбының) балалары);
3. Қазақстан Республикасының заңнамасына және құрылтайшы құжаттарға сәйкес олардың

жүзеге асыру Сауда-саттықта Активті сату шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар;

4. Сауда-саттық өткізу туралы осы хабарламада көзделген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар;
5. заңнаманың нормаларынан туындайтын жағдайларда шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар мен бейрезиденттер мен олармен үлестес тұлғалардың қатысуы бар (тікелей немесе жанама) заңды тұлғалар.

Егер Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді беру мерзімі аяқталған сәтте көп дегенде 1-ден аз өтініш берілсе, Сауда-саттық өткізілмеді деп танылады.

3. Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді ашу және тексеру

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді беру мерзімі аяқталған күні өтініштер бар пакеттер ашылады және олардың осы хабарлама мен Қағиданың талаптарына сәйкес келу мәніне тексеріледі (алдын ала ұсыныстарды бағалау критерийлеріне сәйкес келуін тексермей). Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде берілген материалдар қаралады және өтініш берушілерге телефон байланысы, электрондық почта немесе өзге де байланыс құралдары арқылы анықталған сәйкессіздіктер туралы хабарланады.

4. Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді шақыртып алу

Қатысушы енгізген кепілдік жарнасын қайтару құқығын жоғалтпай, 2015 ж. 15 қаңтардың 10 сағат 00 минутқа дейін кез келген уақытта өзінің Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінішін шақыртып алуы мүмкін.

5. Өзге де ережелер

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінішті бере отырып, өтініш беруші Акцияларды сатып алу үшін қажетті барлық рұқсаттар мен келісуді алу үшін қажетті барлық қажетті іс-әрекеттерді қолдануға міндеттенетінін растайды.

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінішті беретін тұлға берілген күмәнді мәліметтер үшін жауап береді. күмәнді мәліметтерді қамтитын Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініш жарамсыз деп есептеледі. Осындай өтініште көрсетілген күмәнді мәліметтер анықталған жағдайда оны берген тұлғаға Сауда-саттыққа қатысудан бас тартылуы мүмкін, ал оның Сауда-саттыққа қатысушы немесе оның жеңімпазы мәртебесі жойылуы мүмкін.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
5-қосымша**

Сауда-саттыққа қатысуды қамтамасыз ету

Сауда-саттыққа қатысу үшін бастапқы бағаның 5 проценті мөлшеріндегі кепілдік жарнаны енгізу қажет, бұл 987 088 500 (тоғыз жүз сексен жеті миллион сексен сегіз мың бес жүз) теңгенің(бұдан әрі – «Қамтамасыз ету») құрайды.

Қамтамасыз ету мынадай деректемелер бойынша: БСН 020240000555, БСК HSBKKZKX, «Қазақстан халық банкі» АҚ-тағы теңгемен шоттың нөмірі KZ356010111000002033, Кбе 16 не осы хабарламаға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚМГ пайдасына банк кепілдігі түрінде енгізілген кепілдік жарна түрінде берілуі тиіс. Бұл ретте, халықаралық рейтингтік агенттік кем деген «В» деңгейіндегі рейтингіні берген банк аталған банк кепілдігін беруі тиіс. Сауда-саттыққа қатысуға үміттенген тұлға ҚМГ-ге Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінішпен бірге төлем құжатының немесе, тиісінше, банк кепілдігінің түпнұсқасын береді.

Сауда-саттық жеңімпазы берген банк кепілдігінен басқа, Сауда-саттық өткізу қорытындылары бойынша банк кепілдігінің түпнұсқасы Сауда-саттыққа қатысушыларға қайтарылады. Сауда-саттық нәтижелері бойынша ҚМГ Сауда-саттық жеңімпазы берген банк кепілдігінде көрсетілген ақша сомасының ҚМГ есеп шотына аудару туралы тиісті жазбаша талапты банкке жібереді.

Кепілдік жарнаның мөлшеріне банк қызметтеріне ақы төлеу кірмейді. Кепілдік жарналардың шотқа уақытылы келіп түсуі мақсатында Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді қабылдау аяқталғанға дейін үш банк күнінен кешіктірмей кепілдік жарнаны төлеу ұсынылады. Сауда-саттыққа қатысушыларға кепілдік жарналардың кез келген санын енгізуге жол беріледі, бұл ретте, қатысушы осы кепілдік жарнаны енгізген Сауда-саттыққа қатысуға арналған кепілдік жарна Активті ғана сатып алу құқығын береді.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
6-қосымша**

Сауда-саттық өткізу тәртібі

Сауда-саттық мынадай кезеңдерден тұрады:

1-кезең – өткізілетін Сауда-саттық мәні бойынша алдын ала ұсынысты қамтитын Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді беру және қарау. Бірінші кезеңнің нәтижесінде ҚМГ Активтерді сату комиссиясы тұлғаларды Сауда-саттықтың екінші кезеңіне қатысуға жіберу туралы немесе жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

2-кезең – олардың негізінде Сауда-саттық жеңімпазы айқындалатын конкурстық ұсыныстарды беру және қарау.

1. Сауда-саттықтың бірінші кезеңін өткізу

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініш (кемшіліктері жойылған) және оларға қоса берілген алдын ала ұсыныстар анықталған сәйкессіздіктерді жою мерзімі аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қаралады.

Аталған өтініштерді қарау нәтижелері бойынша аталған өтініштерді берген тұлғаларды Сауда-саттықтың екінші кезеңіне жіберу және оларға Сауда-саттыққа қатысушылардың мәртебесін беру туралы немесе, тиісінше, осындай жіберуден бас тарту және қатысушының мәртебесін беру туралы шешім қабылданады.

2. Сауда-саттықтың екінші кезеңін өткізу

Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді қарау аяқталғаннан кейін 15 жұмыс күнінен кешіктірілмей, Сауда-саттықты Ұйымдастырушы әзірлейтін бағалаудың аталған критерийлеріне сәйкес Конкурстық ұсыныстарға қойылатын ең аз талаптар көрсетілген Конкурстық ұсыныстарды бағалау мазмұны мен критерийлерін қамтитын Сауда-саттықтың екінші кезеңі туралы хабарландырудың мазмұны бекітіледі. Осындай бекітуден кейін 2 жұмыс күні ішінде конкурстық ұсыныстарды беру мерзімі, орны, уақыты мен тәсілі көрсетілген Сауда-саттықтың екінші кезеңі туралы хабарландыру алу туралы хабарландырумен тапсырыстық почталық жөнелтпемен, сондай-ақ электрондық почта немесе факсимильдік байланыс арқылы Сауда-саттыққа қатысушыларға жіберіледі.

2.1. Конкурстық ұсыныс беру

Конкурстық ұсыныс Сауда-саттыққа қатысушыларға жабылған түрінде беріледі. Конкурстық ұсыныс тігілуі, беттері не парақтары нөмірленуі тиіс, соңғы бетіне не парағына қатысушының қолы қойылған және мөрімен (болған жағдайда) расталады.

Конкурстық ұсынысқа ұсыныстар (тігілген түрде, беттері не парақтары нөмірленген, соңғы бетіне не парағына қатысушының қолы қойылған және мөрімен (мөр болған жағдайда) расталған) жеке қоса беріледі.

Конкурстық ұсыныстар бар жабылған конверттің бет жағында Сауда-саттыққа қатысушы мыналарды көрсетуі тиіс:

- Сауда-саттыққа қатысушының толық атауы мен почталық мекенжайы;

- Активтің меншік иесінің толық атауы мен почталық мекенжайы, олар осы хабарламада көрсетілген осы секілді мәліметтерге сәйкес келуі тиіс;
- Сауда-саттыққа қатысушының конкурстық ұсынысы берілетін Активтің атауы;
- Сауда-саттықтың екінші кезеңі туралы хабарламаға сәйкес Конкурстық ұсыныстарды қабылдау аяқталатын күні мен уақыты көрсетілген «ДЕЙІН АШЫЛМАЙДЫ» деген жазу.

Белгіленген мерзім біткеннен кейін берілген конкурстық ұсыныс бар конверт ашылмайды және қатысушыға қайтарылады.

Сауда-саттыққа қатысушы лайықты түрде ресімделген конкурстық ұсынысты мынадай мекенжайға береді және тіркейді: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19-үй, А блогы, 1104-кабинет.

Конкурстық ұсыныс Сауда-саттықтың екінші кезеңі туралы хабарландыруда көрсетілген конкурстық ұсыныстарды беру мерзімі ішінде берілуі тиіс.

2.2. Конкурстық ұсыныстарды қарау, Сауда-саттық жеңімпазын айқындау және Сатып алу-сату шартын жасасу

Конкурстық ұсыныстарды қарау және тиісті нәтижелер шығару конкурстық ұсыныстарды қабылдау аяқталған күннен кейін 7 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Осы мерзім бір рет, бірақ көп деген 10 жұмыс күнге ұзартылуы мүмкін. Сауда-саттық нәтижелері Сауда-саттықтың екінші кезеңі туралы хабарламасына сәйкес кешіктірілмей шығарылуы тиіс.

Сауда-саттық жеңімпазы Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді қарау кезінде алынған немесе конкурстық ұсыныста көрсетілген Қатысушылардың қаржылық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және Қатысушының өзге де мүмкіндіктері туралы мәліметтер ескеріліп айқындалады. Бұл ретте, конкурстық ұсыныс Сауда-саттықтың екінші кезеңі туралы тиісті хабарландыруда бекітілген критерийлерге сәйкес келуі тиіс.

Конкурстық ұсыныстарды бағалау критерийлеріне сәйкес ең аз талаптарға жауап бермейтін конкурстық ұсыныстардан бас тартылады. Егер нәтижесінде көп дегенде бас тартылмаған 2 Конкурстық ұсыныс қалса, Сауда-саттық өткізілмеді деп танылады.

ҚМГ Активтерді сату комиссиясы, Сауда-саттық жеңімпазы анықталған күннен бастап 20 жұмыс күнінен кешіктірмей, Қағидада көзделген ережелерді ескере отырып, жеңімпазбен Сатып алу-сату шартына қол қояды. Осы хабарламаға 11-қосымша болып табылатын нысанға сәйкес Шартқа қол қойылады.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
7-қосымша**

Акцияларды сатудың ерекше шарттары

Акцияларды сатып алушы мынадай ерекше шарттардың орындалуын қамтамасыз ету тиіс:

- 1) 5 жыл ішінде Компания персоналының ағымдағы штат санын қысқартпау;
- 2) 5 жыл ішінде Компания қызметінің бейінін сақтау;
- 3) 5 жыл ішінде Қоғам мен оның қызметкерлері арасында жасалған еңбек шарттарында аталған қолданыстағы талаптарды, оның ішінде жалақының ағымдағы деңгейін нашарлатпау ;
- 4) 5 жыл ішінде Компанияның қызметтерді көрсету туралы қолданыстағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді шарттар бойынша міндеттемелерді орындау;
- 5) 5 жыл ішінде ҚМГ компанияларының тобы үшін авиациялық қызмет көрсетудің қазіргі бағаларын сақтау;
- 6) 5 жыл ішінде ҚМГ компанияларының тобына кемінде 5000 ұшу сағаты жылдық көлемін көрсету;
- 7) Активті сатып алу-сату шартын жасасу сәтіне дейін, оның ішінде ҚМГ компаниялары тобы үшін осы Қосымшаның 5) және 6) тармақтарында аталған бағалар мен көлемді сақтау мәніне белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органының қажетті келісуін алу;
- 8) Конкурс жеңімпазының қолданыстағы мынадай займ шарттары бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету:

- Қоғамның HSBC BANK plc London займы бойынша:

Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша Компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін ҚМГ кепілдігінің орнына HSBC BANK plc London және Export Development Canada талаптарын қанағаттандыратын Компанияның жаңа меншік иесінен кепілдік беру;

не

Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15

қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша Компанияның займын мерзімінен бұрын дереу өтеуді қамтамасыз ету;

не

Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша Компанияның займды мерзімінен бұрын дереу өтеуін қамтамасыз ету;

- Компанияның ДСБ Қазақстан Банкі АҚ ЕБ-дегі займы бойынша:

Компания мен ДСБ Қазақстан Банкі АҚ ЕБ арасында жасалған банк займы туралы 2014 жылғы 31 қаңтардағы №18/003 шарт бойынша міндеттемелердің одан әрі орындалуын қамтамасыз ету;

не

Компания мен ДСБ Қазақстан Банкі АҚ ЕБ арасында жасалған банк займы туралы 2014 жылғы 31 қаңтардағы №18/003 шарт бойынша Компанияның займды мерзімінен бұрын дереу өтеуін қамтамасыз ету;

- аталған займ шарттарына қосымша келісімдерге қол қою (қажет болғанда).

9) Конкурс жеңімпазының «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» АҚ-тың Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияны басқару саласындағы барлық нормативтік талаптарын, қауіпсіздік, сапа және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкес стандарттар мен рәсімдерді, сондай-ақ қолданылатын басқа да тиісті стандарттарды сақтауын қамтамасыз етуі.

Акцияларды есептен шығару/есепке алу бойынша ыңғайласпа бұйрықтарға қол қою арқылы төменде аталған міндеттемелер орындалғаннан кейін Актив Конкурс жеңімпазының меншігіне беріледі:

а) Активтің құнын толық төлеу;

б) осы Қосымшаның 8) тармағында аталған Акцияларды сатудың ерекше шарттарының орындалуын растайтын құжаттарды ҚМГ-ге беру.

Жоғарыда аталған талаптар осы хабарламаға 11-қосымшада жазылған Сатып алу-сату шартында сипатталған және нақтыланған.

Аталған талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ тиісті Сатып алу-сату шартына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
8-қосымша**

Алдын ала ұсыныстың мазмұны

Сауда-саттыққа қатысушы алдын ала ұсынысты өз бетімен, еркін нысанда дайындайды. Бұл ретте, осы ұсыныста осы Хабарламаға 7-қосымшада аталған Акцияларды сатудың ерекше шарттарын орындау міндеттемелері міндетті түрде қамтылуы тиіс.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
9-қосымша**

**Алдын ала ұсыныстарды бағалау критерийлері
және алдын ала ұсынысқа қойылатын ең аз талаптар**

Қағиданың 106-тармағына сәйкес Сауда-саттыққа қатысушыларды бағалау критерийлері мынадай болуы мүмкін:

- 1) 5 жыл ішінде Компания персоналының ағымдағы штат санын қысқартпау;
- 2) 5 жыл ішінде Компания қызметінің бейінін сақтау;
- 3) 5 жыл ішінде Қоғам мен оның қызметкерлері арасында жасалған еңбек шарттарында аталған қолданыстағы талаптарды, оның ішінде жалақының ағымдағы деңгейін нашарлатпау ;
- 4) 5 жыл ішінде Компанияның қызметтерді көрсету туралы қолданыстағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді шарттар бойынша міндеттемелерді орындау;
- 5) 5 жыл ішінде ҚМГ компанияларының тобы үшін авиациялық қызмет көрсетудің қазіргі бағаларын сақтау;
- 6) 5 жыл ішінде ҚМГ компанияларының тобына кемінде 5000 ұшу сағаты жылдық көлемін көрсету;
- 7) Активті сатып алу-сату шартын жасасу сәтіне дейін, оның ішінде ҚМГ компаниялары тобы үшін осы Қосымшаның 5) және 6) тармақтарында аталған бағалар мен көлемді сақтау мәніне белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органының қажетті келісуін алу;
- 8) Конкурс жеңімпазының қолданыстағы мынадай займ шарттары бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету:

- Қоғамның HSBC BANK pls London займы бойынша:

Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша Компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін ҚМГ кепілдігінің орнына HSBC BANK pls London және Export Development Canada талаптарын қанағаттандыратын Компанияның жаңа меншік иесінен кепілдік беру;

не

Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша Компанияның займын мерзімінен бұрын дереу өтеуді қамтамасыз ету;

не

Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша Компанияның займды мерзімінен бұрын дереу өтеуін қамтамасыз ету;

- Компанияның ДСБ Қазақстан Банкі АҚ ЕБ-дегі займы бойынша:

Компания мен ДСБ Қазақстан Банкі АҚ ЕБ арасында жасалған банк займы туралы 2014 жылғы 31 қаңтардағы №18/003 шарт бойынша міндеттемелердің одан әрі орындалуын қамтамасыз ету;

не

Компания мен ДСБ Қазақстан Банкі АҚ ЕБ арасында жасалған банк займы туралы 2014 жылғы 31 қаңтардағы №18/003 шарт бойынша Компанияның займды мерзімінен бұрын дереу өтеуін қамтамасыз ету;

- аталған займ шарттарына қосымша келісімдерге қол қою (қажет болғанда).

9) Сауда-саттық жеңімпазының Компанияның Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияны басқару саласындағы барлық нормативтік талаптарын, қауіпсіздік, сапа және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкес стандарттар мен рәсімдерді, сондай-ақ қолданылатын басқа да тиісті стандарттарды сақтауын қамтамасыз етуі.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»
акционерлік қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
10-қосымша**

ӨТІНІШ

Осымен _____ (бұдан әрі (бірлесіп) – «Өтініш беруші») _____ (Сауда-саттық тәсілін көрсету)

(бұдан әрі – «Сауда-саттық»)

(Сауда-саттық туралы хабарламаға сәйкес сатылатын активтің немесе объектінің тол атауы мен орналасқан жері)

қатысу ниеті туралы хабарлайды.

1. Сауда-саттық туралы _____ жарияланған хабарламаны қарап және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) кемінде елу проценті «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың активтер мен объектілерді сатуының бірыңғай қағидасымен (бұдан әрі – «Қағида») танысып,

_____ (жеке тұлғалардың аты-жөні немесе заңды тұлғалардың атауы және басшылардың немесе олардың сенімхат негізінде іс-қимыл жасайтын уәкілетті өкілдерінің аты-жөні)

2015 жылғы «15» қаңтарда

_____ (егер Сауда-саттық электрондық емес тәсілмен өткізілсе, Сауда-саттық өтетін мекенжайды көрсету)

мекенжайында өтетін Сауда-саттыққа қатысуға ниет білдіреді.

2. Өтініш берушінің Сауда-саттыққа қатысуы мынадай тәсілдердің біреуімен қамтамасыз етіледі:

1) Сауда-саттыққа _____ қатысу _____ үшін
(цифрмен) (_____ (соманы жазу) _____) теңге

сомасындағы кепілдік жарнаны _____ (бұдан әрі – «Компания») _____
(активтің/объектінің меншік иесінің атауын көрсету)

шотына енгізу.

Шоттың деректемелері

төлем мақсатының коды _____,

Кбе _____,

мекеме коды _____.

төлем құжатының № _____,

Төлем құжатының күні _____,

не

2) 20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____
(Банктің атауы)
_____ теңге мөлшеріндегі банк кепілдігінің берілуі.
(цифрмен және жазумен)

3. Өтініш беруші осымен Қағиданың тиісті тармағында аталған тұлғалардың Сауда-саттыққа қатысушы ретінде тіркеуге жатпайтыны туралы хабардар екендігін растайды.

4. Өтініш беруші осымен Өтініш берушінің Сауда-саттыққа қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда Өтініш берушінің Сауда-саттыққа қатысу құқығынан айырылатынына толық және сөзсіз келісетінін білдіреді және Өтініш беруші (немесе оның атынан) қол қойған Сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамамен тиісті сатып алу-сату шартының жарамсыз болатынын мойындайды.

5. Сауда-саттық жеңімпазы болып белгіленген жағдайда Өтініш беруші осымен мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайды:

1) егер Қағидада немесе Сауда-саттық туралы хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе, Сауда-саттықты өткізу күні Сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамаға қол қою және Сауда-саттық барысында белгіленген талаптарда Сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамада көзделген мерзім ішінде сатылатын активке/объектіге қатысты және таратылған шарттың жобасына және конкурстық ұсынысқа немесе Өтініш берушінің конкурстық өтініміне (конкурсқа қатысқан жағдайда) сәйкес Өтініш беруші ұсынған немесе Сауда-саттық өткізу шеңберінде Өтініш беруші келісім берген (тікелей немесе уәкілетті өкілі арқылы) бағамен және талаптарда сатып алу-сату шартына қол қою;

2) заңнамада белгіленген, сондай-ақ «Бәсекелестік туралы» Заңның және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің талаптарымен көзделген жағдайларда активті немесе объектіні сату үшін қажетті мемлекеттік органдардың рұқсаттары мен келісуін алу рәсімдерін жүзеге асыру.

Монополияға қарсы органның талап-арызы бойынша монополияға қарсы органның келісімінсіз жасалған, басымдық немесе тұлғалар тобының орнатылуына немесе күшеюіне және (немесе) бәсекелестіктің шектелуіне әкеп соққан экономикалық шоғырландыруды сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

6. Өтініш беруші осымен Өтініш беруші енгізген кепілдік жарнаның қайтарылмайтынына және төмендегі жағдайларда Компанияда қалатынына толық және сөзсіз келісетінін білдіреді:

1) Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен кейін Сауда-саттыққа қатысудан бас тартқанда;

2) Қағида бұзылған немесе Сауда-саттық өткізу тәртібі мен шарттарының бұзылуына, Сауда-саттық өткізуге кедергі немесе бөгет жасауына байланысты, бұл Қағидада көзделгендей, Комиссияның шешімі бойынша;

3) белгіленген мерзімде конкурстық ұсыныс немесе конкурстық өтінім берілмеген жағдайда;

4) егер Өтініш беруші берген конкурстық ұсыныстың немесе конкурстық өтінімінің шарттары Сауда-саттық туралы хабарламада көрсетілетін, Активті немесе Объектіні сату конкурсының шеңберінде Қағиданың ережелеріне сәйкес жіберілетін ұсыныстарды бағалау критерийлеріне сай ең аз талаптарға сәйкес келмесе;

5) Сауда-саттық қорытындылары туралы қол қоюдан не сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда;

6) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе лайықты түрде орындалмаған жағдайда;

7) осы Қағидада көзделген өзге де жағдайларда.

7. Осы өтініш Қағидада және ____ ж. _____ жарияланған Сауда-саттық өткізу туралы хабарламада (____ жылғы _____ Өтініш берушіге жіберілген) жазылған шарттарда Өтініш берушінің Сауда-саттыққа қатысуға толық және сөзсіз келісу нысаны болып табылады.

8. Өтініш беруші осымен Өтініш берушіге қатысты тарату туралы қандай да бір болмасын шешімнің, соттың оны банкрот деп тану және/немесе банкроттық рәсімін және/немесе осы секілді рәсімдерді бастау туралы шешімінің, заңнамада көзделген тәртіппен Өтініш берушінің қызметін уақытша тоқтату туралы шешімнің жоқ екендігін растайды.

9. Сауда-саттық қорытындылары туралы хаттамамен бірге осы Өтініштің сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарттың күші болады.

10. Осы өтінішпен бірге Қағиданың 148-тармағында, осы хабарламаға 4-қосымшада, сондай-ақ Қағиданың өзге де қолданылатын ережелерінде көзделген мәліметтер беріледі.

Заңды тұлға үшін:

Атауы

БСН

Басшының аты-жөні

Мекенжайы:

Телефон (факс) нөмірі:

Банк деректемелері:

ЖСК

БСК

Банктің атауы

Кбе

Мыналар өтінімге қоса беріледі:

1)

2)

3)

Жеке тұлға үшін:

Аты-жөні

ЖСН

Паспорт деректері

Мекенжайы:

Телефон (факс) нөмірі:

Банк деректемелері:
ЖСК

БСК

Банктің атауы

Кбе

Мыналар өтінімге қоса беріледі:

1)

2)

3)

(қолы)

(жеке тұлғалардың аты-жөні немесе заңды тұлғалардың атауы және басшылардың немесе олардың сенімхат негізінде іс-қимыл жасайтын уәкілетті өкілдерінің аты-жөні)

20 __ ж. « __ » _____

М.О.

20 __ ж. « __ » _____ сағат _____ минутта қабылданды.

(қолы)

(өтінімді қабылдаған тұлғаның аты-жөні)

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік
қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
11-қосымша**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

(Сатушы)

және

[Сатып алушының атауы]

(Сатып алушы)

арасындағы

«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін

САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ

Осы «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін сатып алу-сату шарты 201__ жылғы «__» _____:

- (1) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құрылған, осы Шартта көрсетілген мекенжайда орналасқан, [Жарғының] негізінде іс-қимыл жасайтын [лауазымын көрсету][атын көрсету] тұлғасында заңды тұлға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Сатушы»); және
- (2) [●] заңнамасы бойынша құрылған, осы Шартта көрсетілген мекенжайда орналасқан, [Жарғының] негізінде іс-қимыл жасайтын [лауазымын көрсету][атын көрсету] тұлғасында заңды тұлға [Сатып алушының атауы] (бұдан әрі – «Сатып алушы») арасында [сауда-саттық тәсілін көрсету] нысанында өткізілген сауда-саттықтың қорытындылары бойынша және шарттарында (2014ж. [●] №[●] сауда-саттықтың қорытындылары туралы хаттама) арасында жасалды,

бұдан әрі Сатып алушы мен Сатушы «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталады.

- (A) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы №280 қаулысымен «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін бәсекелік ортаға сатудың ұсынылғанын;
- (B) «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқар құқығында тиесілі, 2014 жылы сатылуы тиіс, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 24 шілдедегі шешімімен, №34/14 хаттама, бекітілген Активтер тізбесіне қосылғанын;
- (C) Сатушының «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетінің меншік иесі екендігін;
- (D) Сатып алушының [сауда-саттық тәсілін көрсету] тәсілімен өткізілген сауда-саттық қорытындылары бойынша сауда-саттық жеңімпазы болғанын;
- (E) Сатушының сауда-саттық туралы хабарландыруға, сондай-ақ Сатып алушыны тиісті сауда-саттықтың жеңімпазы етіп белгілеу үшін негіз болған оның ұсынысына сәйкес келуі тиіс осы Шартта аталған талаптарда Акцияларды сатуға және Сатып алушыға беруге, ал Сатып алушының, өз кезегінде, Акцияларды Сатушыдан сатып алуға және қабылдауға ниет білдіргенін

НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП,

Тараптар осымен мыналар туралы уағдаласты.

1. АЙҚЫНДАМАЛАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

1.1. Егер мәнмәтінде тікелей белгіленбесе, осы Шарттың мақсатында онда төменде көрсетілгендей бас әріппен қолданылған айқындалардың мағынадай мынадай:

Жабу күні	осы Шарттың Ошибка! Источник ссылки не найден. - тармағында белгіленген Акцияларға меншік құқығын беру күні;
«Шарт»	барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен осы Сатып алу-сату шарты, сондай-ақ оның ішінде оған қосымшалар;
«Ерекше шарттардың орындалуын қамтамасыз ету туралы шарт»	Сатып алушы, Сатушы мен Компания осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған үшжақты шарт;

«Акциялар»	«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакеті;
«Жабу»	Тараптардың осы Шарттың 7.2-тармағында көзделген Акцияларға құқығын беру бойынша іс-әрекеттері;
«Компания»	Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға ретінде тіркелген, бизнес-сәйкестендіру нөмірі [●], мемлекеттік [қайта] тіркеу туралы [●] куәлігінің № [●], [●] мекенжайында орналасқан «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамы;
«Құпиялы ақпарат»	осы Шарттың Ошибка! Источник ссылки не найден. -тармағында белгіленген ақпарат;
«Тұлға»	кез келген жеке немесе заңды тұлға (оларға берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды есептемегенде);
«Кепілдік жарна»	жеке немесе заңды тұлға ашық екі кезеңдік конкурсқа қатысу үшін енгізетін Компанияның бастапқы бағасының 5% мөлшеріндегі ақшалай сома;
«Сатып алу бағасы»	осы Шарттың Ошибка! Источник ссылки не найден. -тармағында белгіленген Акциялардың бағасы;
«Алдын ала шарттар»	Шарттың 5-тарауында жазылған және Жабу үшін оларды орындау шарт болып табылатын Жабудың алдын ала шарттары;
«Жұмыс күні»	Қазақстан Республикасында жұмыс істеу үшін әдетте ашық болатын екінші деңгейдегі банктер.

2. САТЫП АЛУ-САТУ ЖӘНЕ БЕРЕШЕКТІ ӨТЕУ

2.1. Сатып алу-сату

Осы Шарттың талаптарына сәйкес Сатушы ауыртпалығы жоқ, үшінші тұлғалардың талап-арыздарының мәні болып табылмайтын Акцияларды меншікке беруге, ал Сатып алушы осы Шарттың талаптарында Сатып алушыдан Акцияларды қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенеді. «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеуші» АҚ тізілімінде тиісті жазу жасалған сәттен бастап Сатып алушыда Акцияларға құқығы пайда болады.

2.2. Сатып алу бағасы

Акциялардың сатып алу бағамы ҚҚС-ты есептемегенде, *[сатып алу бағасының сомасы]* теңгеге тең («Сатып алу бағасы»).

2.3. Салықтар және өзге де міндетті төлемдер

Әрбір Тарап осы Шартты жасауына және орындауына байланысты ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеуі тиіс барлық салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша міндетті міндеттемелерді дербес орындайды.

2.4. Сатып алу бағасын төлеу тәртібі

Сатып алушы Алдын ала шарттарды, сондай-ақ осы Шарттың 4.7-тармағының 4.7.7-тармақшасын орындағаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде Сатып алу бағасын төлейді. Кепілдік жарна Сатып алу бағасын төлеу есебіне есептеледі.

- 2.5. **Акцияларға меншік құқығын беру.** Акцияларға меншік құқығының берілуін ресімдеу Тараптардың Сатушының жеке шотынан Акцияларды есептен шығару/есепке алу бойынша ыңғайласпа бұйрықтарға қол қою, Сатып алушының жеке шотына Акцияларды есептеу және «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ-тан Акцияларды есептен шығару/есепке алу туралы есеп алу арқылы Сатып алу бағасы төлегеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

3. САТУШЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ МЕН РАСТАУЫ

- 3.1. Сатушы осы Шартты жасау күніндегі жағдай бойынша және Жабу күніндегі жағдайда бойынша жарамды болып табылатын кепілдіктер мен растауды Сатып алушының пайдасына береді.

3.2. Кепілдіктер бойынша міндеттемелер

- 3.2.1. Егер мұндай іс-әрекеттер немесе әрекетсіздік Сатушының қандай да бір болмасын кепілдігінің немесе растауының бұзылуына әкеп соқса немесе Жабу күніне дейін (қоса есептегенде) қандай да бір болмасын уақытта жаңылыстыратын болса, Сатушының кез келген іс-әрекет жасауға немесе жасаудан қалыс қалуға құқығы болмайды.

- 3.2.2. Сатушы Сатушының қандай да бір болмасын кепілдігінің немесе растауының бұзылуына әкеп соғатын немесе әкелуі мүмкін немесе Сатушының қандай да бір болмасын кепілдігіне немесе растауына сәйкес келмейтін немесе сәйкес келмей қалуы мүмкін кез келген мән-жай туралы барлық мәліметтерді осындай мән-жай туралы Сатушыға белгілі болғаннан кейін 3 (үш) Жұмыс күні ішінде Жабу күніне дейін (қоса есептегенде) Сатып алушыға (оның ішінде оның қызметкерлеріне, кеңесшілері мен өкілдеріне) жазбаша хабарлауға міндетті

- 3.2.3. Сатушының әрбір кепілдігі немесе растауы жеке және дербес болып табылады.

- 3.2.4. Тараптар Сатушының кепілдіктері мен растауын және Сатушының оларды беруін осы Шарттың елеулі талаптары, сондай-ақ Тараптар олардан туындай отырып, Сатып алу бағасы мен осы Шарттың өзге де талаптарын келісетін Сатушының міндеттемелері деп есептейді. Сатушының кепілдіктері мен растауы бұзылған жағдайда Сатушы Сатып алушыға ол осындай бұзушылық нәтижесінде немесе оған байланысты көтерген барлық және кез келген залалды өтеуге міндетті.

3.3. Тіркеу және лайықты түрде орындау

- 3.3.1. Сатушы Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша лайықты түрде тіркелген және заңды жұмыс істейтін заңды тұлға болып табылады. Шарттың кіріспесінде жазылған Сатушының деректері дұрыс және нақты.

- 3.3.2. Сатушының осы Шартты жасасу және орындау, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау және осы Шартта көзделген барлық мәмілелерді орындау үшін қажетті құқықтары мен өкілеттіктері бар.

- 3.3.3. Сатушы осы Шартты лайықты түрде жасасты және оның талаптарына сәйкес ол Сатушының заңды және жарамды міндеттемесін білдіреді.

3.4. Шартты жасасу салдары

Сатушының осы Шартты жасасуы, орындауы, сондай-ақ осы Шартта көзделген мәмілені жасасуы (i) Сатушы ол бойынша жауап беретін кез келген ережені, міндеттемені немесе құжатты бұзбайды немесе бұзбайтын болады; (ii) кез келген шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын бұзбайды немесе бұзбайтын болады немесе Сатушы қатысушысы болып

табылатын шарттарға сәйкес үшінші тарапқа құқықтар бермейді немесе бермейтін болады (немесе үшінші тараптың келісімін немесе бас тартуын талап етеді).

3.5. Сот дауының болмауы

Сатушы осы Шартта көзделген мәмілелер жасасуға кедергі болатын немесе жасасу мерзімін едәуір кейінге қалдыратын оған қатысты қандай да бір болмасын сот талап-арыздардың немесе оның қатысумен даулардың жоқ екендігін растайды.

3.6. Акциялар

3.6.1. Сатушы Акцияларды лайықты түрде тіркеп, толық төледі.

3.6.2. Сатып алушыға осы Шарт жасалғанға дейін хабарланғанды есептемегенде, Акциялардың қандай да бір болмасын Ауыртпалықтары жоқ. Сатушыдан Акцияларды сатып алуға қандай да бір болмасын басқа да құқықтар, ұйғарымдар, келісімдер, сондай-ақ Сатушының Акцияларды иеліктен шығару құқығына қатысты өзге де осы секілді шектеулер жоқ.

3.6.3. Осы Шартта көзделген барлық Алдын ала талаптарды орындағаннан, Сатып алу бағасын толық көлемде төлегеннен, сондай-ақ Сатып алушының жеке шотына Акциялар есептелгеннен кейін Сатып алушы осы Шартта көзделгендей, Ауыртпалығы мен үшінші тұлғалардың талап-арыздары жоқ Акцияларға меншік құқығын алады.

3.7. Қаржылық орнықтылық

3.7.1. Сатушы банкроттық, тарату, төлем қабілеттігінің болмауына немесе кез келген түрдегі оңалту рәсіміне немесе осы секілді рәсімге байланысты акцияларды басқару сатысында емес.

3.7.2. Сатушыға қатысты мораторий, аралық немесе уақытша сот немесе сот тағайындаған тұлға қадағалауы немесе өзге де осы секілді талқылаулар жоқ.

4. САТЫП АЛУШЫНЫҢ РАСТАУЫ МЕН КЕПІЛДІКТЕРІ

4.1. Сатып алушы осы Шартты жасау күніндегі жағдай бойынша және Жабу күніндегі жағдайда бойынша жарамды болып табылатын кепілдіктер мен растауды Сатушының пайдасына береді.

4.2. Кепілдіктер бойынша міндеттемелер

4.2.1. Егер мұндай іс-әрекеттер немесе әрекетсіздік Сатып алушының қандай да бір болмасын кепілдігінің немесе растауының бұзылуына әкеп соқса немесе Жабу күніне дейін (қоса есептегенде) қандай да бір болмасын уақытта жаңылыстыратын болса, Сатып алушының кез келген іс-әрекет жасауға немесе жасаудан қалыс қалуға құқығы болмайды.

4.2.2. Сатып алушы Сатып алушының қандай да бір болмасын кепілдігінің немесе растауының бұзылуына әкеп соғатын немесе әкелуі мүмкін немесе Сатып алушының қандай да бір болмасын кепілдігіне немесе растауына сәйкес келмейтін немесе сәйкес келмей қалуы мүмкін кез келген мән-жай туралы барлық мәліметтерді осындай мән-жай туралы Сатып алушыға белгілі болғаннан кейін 3 (үш) Жұмыс күні ішінде Жабу күніне дейін (қоса есептегенде) Сатушыға (оның ішінде оның қызметкерлеріне, кеңесшілері мен өкілдеріне) жазбаша хабарлауға міндетті

4.2.3. Сатып алушының әрбір кепілдігі немесе растауы жеке және дербес болып табылады.

4.2.4. Тараптар Сатып алушының кепілдіктері мен растауын және Сатып алушының оларды беруін осы Шарттың елеулі талаптары, сондай-ақ Сатушы олардан туындай отырып, осы Шарттың

өзге де талаптарына және оны жасасуға келіскен Сатып алушының міндеттемелері деп есептейді. Сатып алушының кепілдіктері мен растауы бұзылған жағдайда Сатып алушы Сатушыға ол осындай бұзушылық нәтижесінде немесе оған байланысты көтерген барлық және кез келген залалды өтеуге міндетті

4.3. Тіркеу және лайықты түрде орындау

- 4.3.1. Сатып алушы [*Сатып алушының инкорпорация-елінің атауы*] заңнамасы бойынша лайықты түрде тіркелген және заңды жұмыс істейтін заңды тұлға болып табылады. Шарттың кіріспесінде жазылған Сатып алушының деректері дұрыс және нақты.
- 4.3.2. Сатып алушының осы Шартты жасасу және орындау, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау және осы Шартта көзделген барлық мәмілелерді орындау үшін қажетті құқықтары мен өкілеттіктері бар.
- 4.3.3. Жабу күніндегі жағдай бойынша Сатып алушы барлық мемлекеттік мақұлдауды, рұқсаттарды, келісуді, санкцияларды, лицензияларды, сертификаттарды, куәліктерді және осы Шартты жасасу және орындау, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау және осы Шартта көзделген барлық мәмілелерді орындау үшін қажетті осы секілді өзге де құжаттарды алды.
- 4.3.4. Сатып алушы осы Шартты лайықты түрде жасасты және осы Шарттың талаптарына сәйкес ол Сатып алушының заңды, жарамды және мәжбүрлі түрде орындалатын міндеттемесін білдіреді.

4.4. Шартты жасасу салдары

Сатып алушының осы Шартты жасасуы, орындауы, сондай-ақ осы Шартта көзделген мәмілені жасасуы (i) Сатып алушы ол бойынша жауап беретін кез келген ережені, міндеттемені немесе қолданылатын заңнамаға сәйкес Сатып алушы үшін заңды тұрғыдан міндетті болатын құжатты бұзбайды немесе бұзбайтын болады; (ii) кез келген шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын бұзбайды немесе бұзбайтын болады немесе Сатып алушы қатысушысы болып табылатын шарттарға сәйкес үшінші тарапқа құқықтар бермейді немесе бермейтін болады (немесе үшінші тараптың келісімін немесе бас тартуын талап етеді); (iii) Сатып алушы жарғысының ережелерін бұзбайды.

4.5. Сот дауының болмауы

Сатып алушы осы Шартта көзделген мәмілелер жасасуға кедергі болатын немесе жасасу мерзімін едәуір кейінге қалдыратын оған қатысты қандай да бір болмасын сот талап-арыздардың немесе оның қатысумен даулардың жоқ екендігін растайды

4.6. Қаржылық орнықтылық

- 4.6.1. Сатып алушы банкроттық, тарату, төлем қабілеттігінің болмауына немесе кез келген түрдегі оңалту рәсіміне немесе осы секілді рәсімге байланысты акцияларды басқару сатысында емес.
- 4.6.2. Сатып алушыға қатысты мораторий, аралық немесе уақытша сот немесе сот тағайындаған тұлға қадағалауы немесе өзге де осы секілді талқылаулар жоқ.
- 4.6.3. Жабу күніне қарай Сатып алушы Сатып алу бағасын төлеу міндеттемесін орындауға арналған ақшалай қаражатының жеткілікті болуын қамтамасыз етеді.

4.7. Акцияларды сатудың ерекше шарттары

Сатып алушы төменде жазылған ерекше шарттардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді:

- 4.7.1. 5 жыл ішінде Компания персоналының ағымдағы штат санын қысқартпау;
- 4.7.2. 5 жыл ішінде Компания қызметінің бейінін сақтау;
- 4.7.3. 5 жыл бойы Компания мен оның қызметкерлері арасында жасалған еңбек шарттарында көрсетілген қолданыстағы шарттардың, оның ішінде ағымдағы жалақы деңгейінің нашарламауы;
- 4.7.4. қызметтерді көрсету туралы қолданыстағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді шарттар бойынша міндеттемелерді орындау;
- 4.7.5. 5 жыл ішінде Сатушы компанияларының тобы үшін авиациялық қызмет көрсетудің қазіргі бағаларын сақтау;
- 4.7.6. 5 жыл ішінде Сатушы компанияларының тобына кемінде 5000 ұшу сағаты жылдық көлемін көрсету;
- 4.7.7. Сатып алушының қолданыстағы займ шарттары бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету:
Компанияның HSBC BANK plc London банкіндегі займы бойынша Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін Сатушы кепілдігінің немесе Компания мен HSBC BANK plc London арасында жасалған займ беру туралы 2008 жылғы 15 қыркүйектегі №SXC/54318.00135/8658304.01 шарт бойынша Компанияның займын мерзімінен бұрын дереу өтеуді қамтамасыз етудің орнына HSBC BANK plc London және Export Development Canada талаптарын қанағаттандыратын Компанияның жаңа меншік иесінен кепілдік беру арқылы;
Компанияның ДСБ Қазақстан банкі АҚ ЕБ-дегі банкіндегі займы бойынша Компания мен ДСБ Қазақстан банкі АҚ ЕБ арасында жасалған банк займы туралы 2014 жылғы 31 қаңтардағы №18/003 шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі қамтамасыз ету және немесе ДСБ Қазақстан банкі АҚ ЕБ арасында жасалған банк займы туралы 2014 жылғы 31 қаңтардағы №18/003 шарт бойынша Компанияның займын мерзімінен бұрын дереу өтеуді қамтамасыз ету арқылы;
Аталған займ шарттарына қосымша келісімдерге қол қою (қажет болғанда).
- 4.7.8. Сатып алушының Компанияның қауіпсіздік, сапа және пайдалану бойынша талаптарға, сондай-ақ басқа да тиісті қолданылатын стандарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияны басқару, стандарттар мен рәсімдер саласындағы барлық нормативтік талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;
- 4.7.9. Акцияларды есептен шығару/есепке алу жөніндегі ыңғайласпа бұйрықтарға қол қою арқылы төменде аталған міндеттемелер орындалғаннан кейін Компанияның Акциялары Сатып алушының меншігіне беріледі:
 - Акциялардың құнын толық төлеу;
 - осы Шарттың 4.7-тармағының 4.7.7-тармақшасының талаптарының орындалуын растайтын құжаттарды Сатушыға беру.
- 4.7.10. Жоғарыда аталған ерекше шарттардың орындалуына қарай, Сатушыға 5 жыл ішінде тоқсанына бір рет бизнесті дамыту жөніндегі ақпаратты жіберу.

4.8. **Сатып алушы беретін өзге де кепілдіктер мен куәландыру**

- 4.8.1. Осымен Сатып алушы ол сауда-саттыққа қатысу барысында берген барлық мәліметтер толық, нақты және дұрыс екендігіне кепілдік береді.

5. **АЛДЫН АЛА ТАЛАПТАР**

Сатып алушы Жабу күніне дейін:

5.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда барлық мемлекеттік мақұлдауды, рұқсаттарды, келісуді, санкцияларды, лицензияларды, сертификаттарды, куәліктерді және осы Шартты жасасу және орындау, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау және осы Шартта көзделген барлық мәмілелерді орындау үшін қажетті осы секілді өзге де құжаттарды алуға міндеттенеді.

Сатушы Жабу күніне дейін:

5.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда барлық мемлекеттік мақұлдауды, рұқсаттарды, келісуді, санкцияларды, лицензияларды, сертификаттарды, куәліктерді және осы Шартты жасасу және орындау, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау және осы Шартта көзделген барлық мәмілелерді орындау үшін қажетті осы секілді өзге де құжаттарды алуға міндеттенеді.

5.3. Тараптар Жабу күніне дейін бірлесіп мынадай шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді:

5.3.1. Осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшаға сәйкес Сатып алушы, Сатушы мен Компания арасында ерекше талаптардың орындалуын қамтамасыз ету туралы шарттың жасалуын қамтамасыз ету;

5.3.2. Осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №2 қосымшаға сәйкес Ерекше талаптардың орындалуын қамтамасыз ету туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін Сатушының пайдасына Акцияларды кепілге салу шартының жасалуын қамтамасыз ету.

5.4. Тараптар бір-біріне осы Шартта жазылған Алдын ала талаптарды орындауға кез келген ақылға қонымды жәрдем көрсетуге, оның ішінде барлық қажетті құжаттар мен материалдарды беруге міндеттенеді. Осы тармақта аталған жәрдем ешқандай жағдайда қандай да бір болмасын Тарапқа кез келген нысанда қаржылай немесе материалдық көмек көрсету міндеттемесін білдірмейді.

5.5. Тараптар өзара келісім бойынша осы Шартта аталған кез келген Алдын ала талапты орындау қажеттілігінен бас тартуға құқылы.

6. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ.

6.1. Сатушының міндеттемелері:

6.1.1. Сатып алу бағасы төленгеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Акцияларды жеке шоттан есептен шығару туралы бұйрық беру;

6.1.2. «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ-тан Акцияларды жеке шоттан есептен шығару/есепке алу туралы есеп алу;

6.1.3. Осы Шартта көзделген міндеттемелерін лайықты түрде орындау;

6.2. Сатып алушының міндеттемелері:

6.2.1. Сатып алу бағасы төленгеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Акцияларды жеке шотқа есептеу туралы бұйрық беру;

6.2.2. «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ-тан Акцияларды жеке шоттан есептен шығару/есепке алу туралы есеп алу;

6.2.3. Осы Шартта көзделген міндеттемелерін лайықты түрде орындау.

7. ЖАБУ ЖӘНЕ ЖАБУДАН КЕЙІНГІ ІС-ӘРЕКЕТ

7.1. Жабу уақыты

[Жабу күні] Мәмілені жабу осы Шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7.2. Жабу бойынша іс-әрекеттер

7.2.1. Сатып алушының Сатып алу бағасын төлеуі;

7.2.2. Сатушының жеке шотынан Акцияларды есептен шығару;

7.2.3. Сатып алушының жеке шотына Акцияларды есептеу;

7.2.4. «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ-тан Акцияларды жеке шоттан есептен шығару/есепке алу туралы есеп алу.

7.3. Сатып алушының Жабудан кейінгі іс-әрекеттері

7.3.1. Осы Шарттың 4.7.7-тармақшасын есептемегенде, 4.7-тармақта көзделген ерекше талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

7.3.2. Тараптар Жабу бойынша іс-әрекеттерді орындағаннан кейін 5 (бес) Жұмыс күні ішінде Сатып алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен осы Шартқа сәйкес жасалған Акцияларды кепілге салу шартын тіркеуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

8. ШАРТТЫҢ ТОҚТАТУ

8.1. Бір Тараптың талап етуі бойынша осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен соттың шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

8.2. Сатушы төмендегі жағдайларда кез келген уақытта біржақты тәртіппен осы Шартты бұзуға құқылы:

8.2.1. Егер осы Шарт жасалған күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде Сатушының кінәсынан емес болған Алдын ала талаптардың орындалмауына орай Жабу жүргізілмегенде;

8.2.2. Сатып алушы осы Шарттың ережелерін бұзғанда;

8.2.3. осы Шарт жасалған күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде 4.7-тармағының 4.7.7-тармақшасында аталған талаптар орындалмағанда;

8.3. 8.2-тармақта көзделген жағдайда осы Шарт Сатушының тиісті хабарландыруында көрсетілген, бірақ ол Сатып алушыға жіберілген күннен кейінгі күннен бастап бұзылды деп есептеледі.

8.4. Осы Шартта көзделген жағдайларды есептемегенде, осы Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Тараптар осы Шартты лайықты түрде орындамағаны немесе орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес жауап береді.

9.1.1. Сатып алу бағасын төлеу кейінге қалдырылған жағдайда Сатушы Сатып алушының талап етуі бойынша әрбір кейінге қалдырылған күн үшін Сатып алу бағасының *0,1 (ноль бүтін оннан бір)* мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын төлейді.

10. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

10.1. Жойқын күш жағдайы (форс-мажорлық жағдай)

- 10.1.1. Бір Тараптар басқа Тарапқа осы Шарт бойынша міндеттерлерді орындауға кедергі болған жойқын күш жағдайының (форс-мажорлық жағдайдың) туындағаны туралы осындай жағдай туындаған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауға міндетті. Бұл ретте, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдай болатын уақытқа тепе-тең уақытқа ауысады.
- 10.1.2. Уәкілетті органдар және/немесе ұйымдар форс-мажорлық жағдайдың туындау фактісін құжаттамалық растауы тиіс.
- 10.1.3. Форс-мажорлық жағдайларға жер сілкінісі, су тасқыны, дауыл, өрт және басқа да жойқын күш, технологиялық катастрофалар, эпидемиялар, әскери іс-әрекеттер, төтенше жағдай, мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдер және Тараптардың ақылға қонымды бақылауы шегінен тыс және ақылға қонымды және адал іс-қимыл жасайтын Тараптар көздей алмайтын өзге де жағдайлар жатады.
- 10.1.4. Тараптардың, олардың қызметкерлерінің және/немесе үлестес тұлғаларының қасақана және/немесе кінәлі іс-әрекеттерінен және/немесе әрекетсіздігінен туындаған жағдайлар ешқандай жағдайда форс-мажорлық жағдай болып табылмайды.
- 10.1.5. Егер форс-мажорлық жағдай 2 (екі) кезекті ай ішінде міндеттемелердің орындалуына кедергі болса, Тараптар осы Шарттың талаптарын өзгертуге және/немесе толықтыруға немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша Шарттың қолданылуын тоқтатуға қатысты келіссөздер бастауы тиіс.

10.2. Сатып алушының жауапкершілігін шектеу

- 10.2.1. Егер бір оқиғаға қатысты Сатып алушының осы Шарттың әр түрлі ережелері бойынша қандай да бір болмасын залалдың, шығындар мен шығыстардың өтелуін талап етуге негізі болса, осындай залалды, шығындарды немесе шығыстарды өтеу кезінде, осындай залалды, шығындарды немесе шығыстарды өтеуді талап ету негізі осы Шарттың кем дегенде бір ережесінен туындайтынына қарамастан, Тараптар Сатып алушының бір оқиға бойынша өтеуді бір реттен артық талап етуге құқығы жоқ екендігіне келісетінін және оны түсінетінін растайды.

10.3. Сатушының жауапкершілігін шектеу

- 10.3.1. Сатушының Сатып алушы Шартқа сәйкес қоятын қандай да бір болмасын талабына немесе талаптарына қатысты жауапкершілігі іс жүзіндегі шығындармен шектеледі. Сатушы Сатып алушының өндірістегі шығындары, жіберілген пайдасы, жіберілген кірісі немесе өзге де жанама залалдары үшін жауап бермейді.

11. ӨЗГЕ ДЕ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Шығыстар

Осы Шартта көзделген міндеттемелердің орындалуына қарамастан және егер осы Шартта өзгелері тікелей ескерілмесе, Сатып алушы мен Сатушы өздерінің шығындары мен шығыстарын, қызметтердің құнын, сондай-ақ өз заңгерлері, бағалаушылары, аудиторлары мен басқа да қызмет көрсетушілері осы Шартта көзделген мәмілелерге байланысты көтерген шығыстарын дербес төлейді.

11.2. Қолданылатын құқық және дауларды шешу

Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және пайымдалады. Осы Шарттан немесе оған байланысты, оның ішінде оған қоюға, оны орындауға, бұзуға, тоқтатуға немесе жарамсыз деп тануға қатысты барлық даулар, келіспеушіліктер немесе наразылықтар Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының қарауына беруге жатады.

11.3. **Өзгерістер мен толықтырулар**

Осы Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар осы Шарт жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері тиісті түрде қол қойған нысанда жасалуы тиіс.

11.4. **Міндетті күші**

Осы Шарттың барлық талаптары мен ережелері Тараптардың, сондай-ақ олардың тиісті құқықтық мирасқорларының орындауы үшін міндетті болып табылады. Осымен Тараптар әрбір Тарап басқа Тараптың осы Шарттың мәтінде қамтылған кепілдіктеріне және растауына сүйене отырып, осы Шартты жасайтынын жалпы түсінетінін растайды.

11.5. **Беру**

Бірде-бір Тараптың осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші Тұлғаға толық немесе ішінара беруге құқығы жоқ.

11.6. **Бөлінгіштік**

Егер осы Шарттың қандай да бір болмасын ережесінің қолданыстағы заңнамаға сәйкес орындалуы мүмкін болмаса немесе олар жарамсыз болса, осындай ереженің күші ол қолданыла алмайтын немесе жарамсыз болатын шамада ғана жойылады. Осы Шарттың қалған ережелері толық шамада қолданылады.

Осы Шарттың қандай да бір болмасын ережесі жарамсыз болып танылған жағдайда Тараптар барлық мүмкін күш-жігерін салады, оның ішінде Тараптардың осы Шарт бойынша бастапқы уағдаластықтарына барынша мүмкін дәрежеде қол жеткізу үшін осы Шартқа кез келген қажетті өзгерістерге және/немесе толықтыруларға қол қояды.

11.7. **Шарттың даналары**

Осы Шарт заңдық күші бірдей, екі дана Сатушыға және бір дана Сатып алушыға арналған үш данада жасалды және оларға қол қойылды.

11.8. **Тілі**

Осы Шарт және оған енгізілетін кез келген өзгерістер немесе толықтырулар қазақ және орыс тілдерінде жасалады. Қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерде қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

11.9. **Құпиялылық**

11.9.1. Сатып алушының, осы Шартты орындау мақсатынан басқа, Сатып алушының сауда-саттыққа қатысуына және/немесе осы Шартты жасасуына және/немесе орындауына байланысты алатын немесе алған Сатушыға және/немесе Компанияға қатысы бар кез келген ақпаратты және/немесе құжаттаманы бірде-бір Тұлғаға ашуға немесе пайдалануға құқығы жоқ.

11.9.2. Сатушының қандай да бір болмасын Тұлғаға Сатушы Сатып алушы құпиялы ақпарат деп белгілеген, Сатып алушыдан оның осы Шартты жасасуға және/немесе орындауға байланысты жоспарларына және/немесе қызметіне қатысты алатын мәліметтерді ашуға құқығы жоқ.

11.9.3. Осы Шарттың 11.9.1 және 11.9.2-тармақшаларының ережелері мынадай жағдайларда қолданылмайды:

11.9.3.1. тиісті Тараптың алдын ала анық жазбаша келісімі алынған жағдайда,
11.9.3.2. бұл қолданыстағы заңнамаға, бухгалтерлік есептіліктің қолданыстағы қағидаларына сәйкес немесе тиісті заңдық иелік сотының тиісті шешім қабылдауына байланысты немесе құзыретті органның талап етуі бойынша талап етілген жағдайда;

11.9.3.3. осы Шартта тікелей рұқсат етілген жағдайларда.

11.9.4. Осы 11.9-тармақтың ережелері:

11.9.4.1. оларды пайдалану немесе жария ету уақытына қарай көпшілікке белгілі болған;

11.9.4.2. көпшілікке белгілі болған (оларды рұқсатсыз жария ету немесе қолдану жолынан басқа);
немесе

11.9.4.3. осындай мәліметтерді заңды алған және осындай мәліметтерді үшінші Тұлғаларға тарату немесе пайдалану құқығы бар Тұлға Тарапқа берген мәліметтерге қолданылмайды.

11.9.5. Тараптар өздерінің тиісті кеңесшілерінің, бухгалтерлерінің, консультанттарының, қызметкерлерінің, агенттері мен өкілдерінің осы Шарттың ережелерін ескеріп, олар алған мәліметтердің құпиялылығын сақтап, оларды, осы Шартты орындауды есептемегенде, қандай да бір болмасын өзге мақсаттарда қолданбауы үшін оларға қол жетімді шараларды қолданады.

11.9.6. Мәліметтерді бергенге дейін тиісті Тарап осындай әрбір Тұлғамен құпиялылық туралы келісімнің жасалуын қамтамасыз етеді. Осындай құпиялылық туралы келісімде осы Шарттың ережелеріне сәйкес келетін талаптар көзделуі тиіс.

Осы Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда әрбір Тарап бұрын иелігінде немесе бақылауда болған және ол басқа Тараптан алған мәліметтерді қамтитын барлық құжаттаманы басқа Тарапқа қайтарады.

11.9.7. Сатып алушы Сатушының «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты ашуына, оның ішінде, бірақ олармен ғана шектелмей, деректемелер мен төлемнің егжей-тегжейі туралы ақпаратты Сатушыға қызмет көрсететін банк-контрагенттерге байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдаланып, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың ақпараттық-талдамалық жүйесіне деректер берудің қорғалған арнасы арқылы төлемдерді жіберу арқылы жария етуіне құқығы бар екендігіне келіседі.

11.10. Құпиялылық кезең

Тараптардың осы Шарттың 11.9-тармағында жазылған құпиялылық туралы ережелерді сақтауы бойынша міндеттемелерінің күші осы Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін 5 жыл ішінде сақталады.

11.11. Біртұтастық

Осы Шарт, сондай-ақ оған қосымшалар Тараптардың біртұтас және бірыңғай келісімін білдіреді. Тараптардың барлық ауызша және жазбаша уағдаластықтарының, хат алмасуының, келіссөздердің нәтижелері туралы хаттамалары мен тараптар осы Шарттың және Шартқа қосымшалардың мәніне қатысты қол қойған өзге де құжаттарының күші осы Шарт пен оған қосымшаларға қол қойылған сәттен бастап жойылады.

Осы тармақтың ережелері сауда-саттықты өткізу және оларға дайындалу барысында жасалған өтініштерге, өтінімдерге, ұсыныстарға, хаттамалар мен өзге де құжаттарға қолданылмайды.

11.12. Хабарландырулар

Осы Шарт бойынша барлық хабарландырулар мен өзге де хат-хабар қазақ және орыс тілдерінде жазбаша нысанда орындалуы тиіс және (берудің өзге де тәсіліне жазбаша нұсқау болмағанда немесе алатын Тарап қабылдаған өзге де тәсіл болмағанда): (i) қолдан-қолға беру кезінде, оның ішінде авиапочтамен жедел курьерлік қызметпен жіберілгенде; немесе (ii) егер почталық қызметке берілсе, тапсыру туралы хабарландыру туралы талаппен куәландырылғанда немесе тіркелсе және почталық шығыстар алдын ала толық төленсе, Тараптың негізгі мекенжайына жіберілсе, тапсыру туралы кез келген хабарландыруда көрсетілген алу күні жарамды және күші бар деп есептеледі.

Жеткізу орнындағы жұмыс уақытының әдеттегі сағаттарынан кейін алынған кез келген хабарландыру келесі Жұмыс күні басталғанға дейін жеткізілді деп есептелмейді.

Егер хабарландыру арқылы өзгелері көрсетілмесе, осы Шарт бойынша кез келген хабарландырулар мен хабарламаларды жіберу үшін 11.14-тармақта көрсетілген мекенжайлар қолданылуы тиіс.

11.13. Шарттың қолданылу мерзімі

Осы Шарт Сатып алушы монополияға қарсы органның келісімін алған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт бойынша қабылдаған барлық міндеттемелерді толық орындағаннан кейін оның қолданылуы тоқтатылады.

11.14. Тараптардың деректемелері

Сатып алушы

Сатушы

KZT есептеу үшін деректемелер

Бенефициар:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

СТН 620 100 210 025

БСН 020240000555

Кбе 16,

Бенефициардың мекенжайы:

010000, Астана қ.,

Қабанбай батыр д-лы, 19

KZT шотының нөмірі:

KZ356010111000002033

Бенефициар банкінің BIC/SWIFT:

HSBKKZKX

Бенефициар банкінің атауы:

«Қазақстан халық банкі» АҚ

М.О.

Сатып алушының атынан

Сатушының атынан

Қолы: _____

Қолы: _____

аты: [Сатып алушының (өкілінің) аты-жөні]

Атауы: [Сатушы өкілінің аты-жөні]

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен [Сатып алушының атауы]
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының
100% акциялар пакетін сатып алу-сату шартына
№1 қосымша

**«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының
100% акциялар пакетін сатып алудың ерекше талаптарының
орындалуын қамтамасыз ету туралы шарт**

Осы «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін сатып алудың ерекше талаптарының орындалуын қамтамасыз ету туралы шарт (бұдан әрі – «Шарт») 2014 жылғы [●]:

- (1) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құрылған, осы Шартта көрсетілген мекенжайда орналасқан, [Жарғының] негізінде іс-қимыл жасайтын [лауазымын көрсету][атын көрсету] тұлғасында заңды тұлға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Сатушы»); және
- (2) [●] заңнамасы бойынша құрылған, осы Шартта көрсетілген мекенжайда орналасқан, [Жарғының] негізінде іс-қимыл жасайтын [лауазымын көрсету][атын көрсету] тұлғасында заңды тұлға [Сатып алушының атауы] (бұдан әрі – «Сатып алушы»);
- (3) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құрылған, осы Шартта көрсетілген мекенжайда орналасқан, [Жарғының] негізінде іс-қимыл жасайтын [лауазымын көрсету][атын көрсету] тұлғасында заңды тұлға «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») арасында жасалды,

бұдан әрі «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталатын Сатып алушы, Сатушы мен Компания

Сатып алушы мен Сатушы арасындағы 2014 жылғы [●] жасалған «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін сатып алу-сату шартын (бұдан әрі – «Сатып алу-сату шарты») орындау мақсатында

төмендегілер туралы осы Шарт жасасты.

1. Осы Шарт Сатып алушының Сатып алу-сату шартта көзделген «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін (бұдан әрі – Акциялар) сатып алудың ерекше талаптарын (бұдан әрі – Ерекше талаптар) орындауын қамтамасыз етуге бағытталған.
2. Кейбір ерекше талаптарды Сатып алушының өзі емес, Компания жеке заңды тұлға (азаматтық-құқықтық және еңбек қатынастар субъектісі) ретінде орындауы

тиіс екендігі туралы фактіні назарға ала отырып, Сатып алушы қолданылатын заңнама мен Компанияның құрылтайшы құжаттарының шеңберінде Компанияның жоғары басқару органының Компанияның, сондай-ақ оның органдарының (лауазымды тұлғаларының) Ерекше талаптарды орындауын және мүлтіксіз сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған шешімдердің қабылдауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Осымен Сатып алушы мен Компания төменде аталғаннан туындай отырып, Ерекше талаптарды мүлтіксіз орындауға және олардың лайықты түрде орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді:

3.1. тиісті Ерекше талаптың өзіне белгілі бір іс-әрекеттерді орындау (жүзеге асыру) міндетін қамтуына қарай, Сатып алушы және/немесе Компания осындай іс-әрекеттерді орындауға (жүзеге асыруға) міндетті;

3.2. тиісті Ерекше талаптың өзіне белгілі бір іс-әрекеттерді орындаудан (жүзеге асырудан) қалыс қалу міндетін қамтуына қарай, Сатып алушы және/немесе Компания осындай іс-әрекеттерді орындаудан (жүзеге асырудан) қалыс қалуға міндетті;

3.3. тиісті Ерекше талаптың өзі белгілі бір нәтижеге қол жеткізу міндетін қамтуына қарай, Сатып алушы және/немесе Компания осындай нәтижеге қол жеткізуге міндетті;

3.4. тиісті Ерекше талаптың қандай да бір болмасын іс-әрекеттерді орындау (жүзеге асыру) кезінде барынша мүмкін күш-жігер салу міндетін қаншалықты білдіретініне қарай, Сатып алушы және/немесе Компания өздері секілді тұлға осындай жағдайда қабылдайтын ақылға қонымды және адал шараларды қабылдауға міндетті.

4. Сатып алушы және/немесе Компания қандай да бір болмасын Ерекше талаптың лайықты түрде орындалмау немесе орындалмау кез келген және әрбір фактісі туралы және олардың орындалмау немесе лайықты түрде орындалмау қауіпі туралы факт немесе қауіп туындаған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде Сатушыға хабарлауға міндеттенеді.

Сатып алушы және/немесе Компания қалыптасқан жағдайды ескере отырып, жоғарыда аталған жағдайлардың басталуын болдырмау үшін қажетті іс-әрекеттерді, ал олардың болдырмау объективті мүмкін болмағанда – барынша қысқа мерзімде аталған жағдайларды жою үшін қажетті іс-әрекеттерді қабылдауға міндетті.

5. Компания мен Сатып алушының осы Шарттың талаптарын лайықты түрде орындауын қамтамасыз ету үшін Сатып алушы осы Шартқа қол қойылған күні Сатып алушыға Акцияларды осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 жылға кепілге беруге міндеттенеді.

6. Сатып алушы және/немесе Компания Ерекше талаптарды немесе осы Шарттың талаптарын лайықты түрде орындамаған немесе орындамаған жағдайда Сатушы төменде көрсетілген айыппұлды (айыппұл тұрақсыздық айыбын) есептеуге және

талап етуге, ал Сатып алушы тиісті талап (шот) келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей төлеуге міндеттенеді:

- 6.1. Шартта аталған 5 жыл ішінде Компания персоналының ағымдағы штат санын азайтпауды көздейтін Ерекше талапқа қатысты:
 - Талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Шартта белгіленген сатып алу бағасынан 0,1% мөлшеріндегі айыппұлды, сондай-ақ Компания персоналының өзгерген ағымдағы штат санының әрбір 1% үшін 0,05% мөлшеріндегі айыппұлды төлеуге міндетті.
- 6.2. Шартта аталған 5 жыл ішінде Компания қызметінің бейінін сақтауды көздейтін Ерекше талапқа қатысты:
 - Талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 5% мөлшеріндегі айыппұлды төлеуге міндетті.
- 6.3. 5 жыл бойы Компания мен оның қызметкерлері арасында жасалған еңбек шарттарында көрсетілген қолданыстағы шарттардың нашарламауын көздейтін Ерекше шартқа, ағымдағы жалақы деңгейіне қатысты:
 - Талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 5% мөлшеріндегі айыппұлды төлеуге міндетті.
- 6.4. Шартта аталған 5 жыл ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобы үшін авиациялық қызмет көрсетудің қазіргі бағаларын сақтауды көздейтін Ерекше талапқа қатысты:
 - Сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін бірінші жыл ішінде талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 5% мөлшеріндегі айыппұлды төлейді.
 - Сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін екінші жыл ішінде талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 4% мөлшеріндегі айыппұлды төлейді.
 - Сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін үшінші жыл ішінде талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 3% мөлшеріндегі айыппұлды төлейді.
 - Сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін төртінші жыл ішінде талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 2% мөлшеріндегі айыппұлды төлейді.
 - Сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін бесінші жыл ішінде талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 1% мөлшеріндегі айыппұлды төлейді.
- 6.5. Сатып алу-сату шартында аталған бес жыл ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобына кемінде 5000 ұшу сағаты жылдық көлемін көрсетуді көздейтін Ерекше талапқа қатысты:
 - Талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 5% мөлшеріндегі айыппұлды төлеуге міндетті.
- 6.6. Сатып алу-сату шартында аталған қызметтерді көрсету туралы қолданыстағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді шарттар бойынша міндеттемелерді орындауды көздейтін Ерекше талапқа қатысты:
 - Талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 0,1% мөлшеріндегі айыппұлды төлеуге міндетті.
- 6.7. Сатып алушының Компанияның қауіпсіздік, сапа және пайдалану бойынша талаптарға, сондай-ақ басқа да тиісті қолданылатын стандарттарға сәйкес

Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияны басқару, стандарттар мен рәсімдер саласындағы барлық нормативтік талаптарын сақтауын қамтамасыз етуді көздейтін Ерекше талапқа қатысты:

- Талап орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға Сатып алу бағасынан 5% мөлшеріндегі айыппұлды төлеуге міндетті.

7. Сатып алушы мен Компания Ерекше талаптардың немесе осы Шарт бойынша өзге де міндеттемелердің олардың ақылға қонымды бақылауынан тыс себептер, оның ішінде, бірақ олармен ғана шектелмей, табиғи құбылыстар, өрт, эпидемия, үкіметтік шектеулер, соғыстар, көтерілістер, жер сілкінісі, дауыл мен су тасқыны (бұдан әрі – «**Форс-мажор**») нәтижесінде орындалмауы немесе лайықты түрде орындалмауы үшін жауап бермейді.

10.1.4. Тараптардың, олардың қызметкерлерінің және/немесе үлестес тұлғаларының іс-әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің салдары болып табылатын оқиғалар (іс-әрекеттер) еш жағдайда форс-мажор болып есептелмейді.

8. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті өкілдері оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өздеріне алған барлық міндеттемелерді лайықты түрде орындаған сәтке дейін қолданылады.

9. Тараптың осы Шартты және/немесе өзіне алған кез келген міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

10. Осы Шарт бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдеріндегі үш данада, әрбір Тарап үшін бір-бір данадан жасалды және оларға қол қойылды.

11. Шарттан бойынша міндеттемелерді орындау процесінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда – Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында (шарттық соттылық) қаралады.

12. Осы Шарт міндетті болып табылады және Тараптар мен олардың тиісті құқықтық мирасқорларының және заңды цессионарийлерінің мүдделерінде қолданылады.

13. Басқа Тараптардың алдын ала жазбаша келісімсіз бірде-бір Тараптың осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қандай да бір болмасын үшінші тарапқа беруге немесе өзге түрде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

14. Осы Шарттың қандай да бір болмасын ережесі қандай да бір болмасын себептер бойынша немесе сот органдарының шешімі бойынша жарамсыз, заңсыз немесе орындалмайтындай болса, осы Шарттың қалған талаптары мен ережелерінің қолданылуы және заңдық күші сақталады.

Егер қандай да бір болмасын талап немесе ереже жарамсыз, заңсыз немесе мәжбүрлі түрде орындалмайтындай болса, Тараптар Тараптардың осы Шарт бойынша бастапқы уағдаластықтарға барынша мүмкін дәрежеде қол жеткізу мақсатында осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуді адал келіседі.

15. Тараптардың деректемелері мен қолдары:

Сатып алушы

Сатушы

КЗТ есептеу үшін деректемелер

Бенефициар:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

СТН 620 100 210 025

БСН 020240000555

Кбе 16,

Бенефициардың мекенжайы:

010000, Астана қ.,

Қабанбай батыр д-лы, 19

КЗТ шотының нөмірі:

KZ356010111000002033

Бенефициар банкінің БСК/SWIFT:

HSBKKZKX

Бенефициар банкінің атауы:

«Қазақстан халық банкі» АҚ

М.О.

**«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының
100% акциялар пакетін кепілге беру шарты**

Осы «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін кепілге беру шарты (бұдан әрі – «Шарт») 2014 жылғы [●]:

- (1) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құрылған, осы Шартта көрсетілген мекенжайда орналасқан, [Жарғының] негізінде іс-қимыл жасайтын [лауазымын көрсету][атын көрсету] тұлғасында заңды тұлға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Кепіл ұстаушы»); және
- (2) [●] заңнамасы бойынша құрылған, осы Шартта көрсетілген мекенжайда орналасқан, [Жарғының] негізінде іс-қимыл жасайтын [лауазымын көрсету][атын көрсету] тұлғасында заңды тұлға [Сатып алушының атауы] (бұдан әрі – «Кепіл беруші») арасында жасалды және

бұдан әрі Кепіл ұстаушы және Кепіл беруші бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады,

Кепіл ұстаушысы мен Кепіл берушісі арасында 2014 жылғы [●] «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін сатып алу-сату шартының (бұдан әрі – Сатып алу-сату шарты) жасалуын, Сатып алу-сату шартында көзделген активті (объектіні) сатудың ерекше талаптарын мүлтіксіз және лайықты түрде орындау қажеттілігін,

Кепіл ұстаушысы мен Кепіл берушісі арасында 2014 жылғы [●] жасалған «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін сатып алудың ерекше талаптарының орындалуын қамтамасыз ету туралы шартта (бұдан әрі – Қамтамасыз ету туралы шарт) көзделген айыппұлдардың уақытылы және тиісті түрде төленуін қамтамасыз ету қажеттілігін назарға ала отырып,

Тараптар төмендегілер туралы осы Кепілге беру шартын жасасты.

1. Кепіл беруші Қамтамасыз ету туралы шарттың талаптарына сәйкес Кепіл берушінің және Компанияның барлық және әрбір міндеттемесінің уақытылы және лайықты түрде орындалуын қамтамасыз ету үшін Кепіл ұстаушыға «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акциялар пакетін кепілге береді.
2. Тараптар Сатып алу-сату шартына сәйкес Сатып алу бағасының [теңге] құрайтынына келіседі және оны мойындайды.
3. Кепіл берушінің Акцияларға меншік құқығы Сатып алу-сату шартымен расталады.
4. Осы Шарт күшіне енгеннен кейін дереу, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Кепіл беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Шартты тіркеуге міндеттенеді.
5. Осы Шарттың қолданылу мерзімінде Кепіл беруші және/немесе Компания Сатып алу-сату шартында және/немесе Қамтамасыз ету туралы шартта көзделген өздерінің кез келген міндеттемесі мен міндетін орындамаса, Кепіл ұстаушы

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттан тыс тәртіппен сату арқылы Акцияларға иелік етуге, оның ішінде Акцияларды өз меншігіне айналдыруға құқылы.

6. Акциялар Кепіл берушінің иелігінде және пайдалануында қалады. Осы Шарттың қолданылу мерзімінде Акцияларға байланысты дивидендтер және дауыс беру (шешім қабылдау) құқығы Кепіл берушіге тиесілі болады.
7. Кепіл беруші Кепіл ұстаушының алдын ала жазбаша келісімінсіз Акцияларға кез келген құқықты сатпауы, айырбастамауы, иеліктен шығармауы немесе осындай құқықтан бас тартпауы тиіс
8. Кепіл беруші мен Компания Сатып алу-сату шарты мен Қамтамасыз ету шарты шеңберінде барлық міндеттемелерін орындаған жағдайда Акциялар кепілі толық тоқтатылуы тиіс.
9. Осы Шарт Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес Акцияларға құқығы тиісті түрде ауысқан сәттен бастап күшіне енеді. Кепіл беруші мен Компания Сатып алу-сату шарты және/немесе Қамтамасыз ету туралы шарт шеңберіндегі барлық тиісті міндеттемелер мен міндеттерді толық көлемде орындағанға дейін Акцияларға қатысты кепіл қолданылуы тиіс.
10. Тараптың осы Шартты және/немесе өзіне алған кез келген міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуына болмайды.
11. Осы Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде, әр Тарап және тіркеуші орган үшін 1 (бір-бір) данадан 3 (үш) данада жасалды және оларға қол қойылды.
12. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда – Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында (шарттық соттылық) қаралады.
13. Осы Шарт міндетті болып табылады және Тараптар мен олардың тиісті құқықтық мирасқорларының және заңды цессионарийлерінің мүдделерінде қолданылады.
14. Басқа Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз бірде-бір Тараптың осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қандай да бір болмасын үшінші тарапқа беруге немесе өзге түрде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.
15. Осы Шарттың қандай да бір болмасын ережесі қандай да бір болмасын себептер бойынша немесе сот органдарының шешімі бойынша жарамсыз, заңсыз немесе орындалмайтындай болса, осы Шарттың қалған талаптары мен ережелерінің қолданылуы және заңдық күші сақталады.
16. Егер қандай да бір болмасын талап немесе ереже жарамсыз, заңсыз немесе мәжбүрлі түрде орындалмайтындай болса, Тараптар Тараптардың осы Шарт бойынша бастапқы уағдаластықтарға барынша мүмкін дәрежеде қол жеткізу мақсатында осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуді адал келіседі.
17. Тараптардың деректемелері мен қолдары:

Кепіл беруші

Кепіл ұстаушы

KZT есептеу үшін деректемелер

Бенефициар:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

СТН 620 100 210 025

БСН 020240000555

Кбе 16,

Бенефициардың мекенжайы:

010000, Астана қ.,

Қабанбай батыр д-лы, 19

KZT шотының нөмірі:

KZ356010111000002033

Бенефициар банкінің BIC/SWIFT:

HSBKKZKX

Бенефициар банкінің атауы:

«Қазақстан халық банкі» АҚ

М.О.

**Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен
«Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік
қоғамының 100% акцияларын сату бойынша
сауда-саттық өткізу туралы хабарламаға
12-қосымша**

Банк кепілдігі

(кепілдік жарнаны қамтамасыз ету нысаны)

Банктің атауы: _____
(банктің атауы және деректемелері)

Кімге: _____
(Сауда-саттықты ұйымдастырушының атауы және деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме

(орналасқан жері)

_____ ж. «__» _____

_____ «Қатысушының» ҚМГ
(Сауда-саттыққа қатысушының атауы)
ұйымдастыратын «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының 100% акцияларын
(бұдан әрі – Актив) сату бойынша сауда-саттыққа қатысуды жоспарлайтынын және Сіздің
Қатысушының Конкурсқа қатысу үшінжалпы сомасы
_____ теңгеге банк кепілдігі түріндегі кепілдік жарнаны
енгізетінін көздегеніңізді назарға ала отырып,
_____ осымен жоғарыда аталған

(банктің атауы)

кепілдік жарна бойынша кепілгер болып табылатынын және Сіздің жазбаша талап етуіңіз, сондай-ақ
Қатысушының Сауда-саттыққа қатысушы (жеңімпазы/сатып алушысы) ретінде өз міндеттемелерін
орындамағаны немесе лайықты түрде орындамағаны туралы жазбаша растау алынғанда

_____ (сомасы цифрмен және жазумен)

тең соманы Сізге Сіздің талап етуіңіз бойынша төлеудің қайтарып алынбайтын міндеттемесін өзіне
қабылдайтынын растайды.

Осы кепілдік міндеттеме оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Сауда-саттыққа
Қатысушылар Қағидада немесе «Еуро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» акционерлік қоғамының
Акцияларын сатып алу-сату шартында белгіленген өз міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін
қолданылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан
Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгерлердің қолы мен мөрі

күні мен мекенжайы

(Банктің (банк филиалының) бірінші басшысының немесе оның орынбасарының және банктің ба
бухгалтерінің тұлғасында).